

Бекітемін:
№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
менгерушісі К.С. Мухамбеткалиева



Баяндама

Тақырыбы: «Саусақ театр туралы не білеміз?»

Тәрбиеші: Тулегенова Б. К

2022-2023оқу жылы

Саусақ театр туралы не білеміз.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімн, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады. Ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айырықша көңіл бөлген жөн. Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабында «Ертегісіз өскен бала-рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға ертегіні ата-аналары айтып бермейді. Ал бесікте жатқанда құлағына анасының әлди үні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмаса деп қорқамын» - деген екен. Ал ертегі баланы төзімділікке, шыдамдылыққа, тапқырлыққа, еңбекқорлыққа шақырып, мақтаншақтық пен сарандықты табалайды. Әділеттілікті қолдап, сезімтал ұяң мейірімді жандарды алдау мен арбаудан қорғайды. Ертегілер құрамы жағынан әр алуан. Ертегіні әр түрлі әдіс –тәсілдерді қолдана отырып, балаға жеткізе білу керек. Ертегіні баяндай отырып, мұңаюға, шаттануға үйретеміз, оқиғаларымен қызықтырып, ой-қиялын дамытамыз, оны баяндауға жетелеп, тілін дамытамыз, адамгершілікке, кішіпейілділікке, қамқорлыққа тәрбиелейміз. Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа құмартады. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Бұл туралы атақты педагог Сухомолинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат қағып бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен. Мектепке дейінгі жасөспірім бала тілін дамытуда сахналық қойылым ерекше рөл атқарады. Сахналық қойылым әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Балалар рөлге енеді, көркемдік оқу әдісі, кейіпкер бейнесін сомдауы, сөйлеу мәнері, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс- тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Сөйлеу логикасы мен дикциясын, дұрыс артикуляциясын меңгере біледі, тілі дамиды. Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде қуыршақ театрының алатын орны ерекше. Балабақшаға театр келеді немесе балалар біз қуыршақ театрын тамашалаймыз дегенді естісе, балалар оны көргенше тағатсыздана күтеді. Сондықтан театрға деген баланың қызығушылығын балабақшадағы шағын ғана қуыршақ театры арқылы жүзеге асырамыз.

Мысалы, «Үйшік», «Шалқан», «Бауырсақ» т.б ертегілерін балалар қуыршақтарды сөйлету арқылы жүзеге асырып, өздерін үлкен театр сахнасында жүргендей сезінеді. Әрбір қуыршақтың сөзін нақышына келтіртіп дыбыстату арқылы оларды танғажайып ертегі әлеміне үңілтсек, балалардың сөздік қоры молайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың тағы бір жолы- бейнеролик арқылы жұмыс. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген қағидаға сүйенсек, бала бейнеролик арқылы ертегіні экраннан тамашалай отырып, жүйелі ойлауға және ойын нақты жеткізе білуге, ертегі құрылымын жалғастыра таба білуге үйренеді. Мысалы: «Мақта қыз бен мысық», «Бауырсақ», «Шалқан» т.б ертегілерін бейнероликтен көріп болған соң мынандай сызбанұсқа арқылы тапсырмалар беруге болады. Мұндағы мақсат: ертегі желісін рет-ретімен шатастырмай жүйелеп айтқызу. Бұл сызбанұсқа арқылы жұмыс жасай отырып, балалар ойларын жүйелеп, ертегінің кейіпкерлерін шатастырмай сөйлетіп шығады. Сонымен бірге театрдың бірнеше түрлері болады: үстел үсті театр, қуыршақ театры, көлеңке театры тағы да түрлері. Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде, саусак театрының алатын орны ерекше. Ежелгі мәдени-етті сақтап қалудың бір жолы, балабақшадағы саусак театры. Саусак қуыршақтары, театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі, қол жетімдісі. Саусак театры арқылы балалардың: -Есте сақтау қабілетін дамытады. Бала өз бетімен кейіпкердің ролінде ойнауға тырысады. -Эмоционалдық дамуына әсер етеді. Саусак қуыршағы бөбекті мәдениетке сүйсінуге үйретеді. Кейіпкерлерге еліктеп, өзін-өзі дұрыс ұстай білуге, өз ойын ашық айтуға үйренеді. -Кішкентай балалар (2-4 жастағы) үшін ертегі кейіпкерлері, өмірдегі достарындай болып кетеді. Тәрбиешіге ең ыңғайлысы көп актердің керегі жоқ, екі қолдағы он саусак он актердің жұмысын орындайды. Қорыта келгенде балалар ертегі арқылы нені түсінеді, біледі және меңгереді: -кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін айыра білу және жеткізе білу қабілеті дамиды; -бір текті ұғымдарды салыстырып, ұқсастықтары мен даралық қасиеттерін өз жастарына сай ажырата білуді үйренді; -ойлау тәсілдері, оның ішінде жұптасып, топтасып ойлау қасиеттері дамыды;

-кейіпкерлерді сипаттау арқылы бұрын таныс емес сөздерді үйренді;

- суретті сызбанұсқамен жұмыс жасауды үйренді;

- ертегі сюжетін қызғылықты етіп баяндау шеберлігіне машықтанды;

- өз ойын іркілмей айтуға бейімделді;

-ертегілердің әрбір кейіпкеріне жас ерекшеліктеріне сай лайықты мінездемелер беру, олардың образдарын, көз алдына елестетерліктей шағын портреттер жасау, әрқайсысының іс-әрекеттеріне қарай сөз таба білуге дағдыланды;